

ӘОЖ 94(4/9)

А.Т. Мұхаметрахимова,  
Ш.Т. Сауданбекова\*, С.И. Кадикова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: China\_saudan@mail.ru

### Ортағасырлық Жапониядағы сегундік билік феномені

Бұл мақалада Жапон елінің орта ғасырларындағы сегундік биліктің қоғамдағы алатын орны мен рөлі қарастырылған. Сегундік билік Жапонияның саяси өмірінде үлкен маңызға ие болды. Сегундік биліктің пайда болуы феодалдық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланыста болып, ол – Батыс Еуропадағы феодалдық құрылыспен ұқсас сипатта дамыды.

**Түйін сөздер:** Сегунат, бакуфу, әскери қолбасшы, билік.

A.T. Muhametrahimova, Sh.T. Saudanbekova, S.I. Kadikova  
**The phenomenon of the shogun power in medieval Japan**

This article reviews some aspects of the shogunate institution in the context of political and economic situation in Medieval Japan.

**Key words:** Shogunate, Bakufu, military chief, power.

A.T. Мухаметрахимова, Ш.Т. Сауданбекова, С.И. Кадикова  
**Феномен сёгунской власти в средневековой Японии**

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты института сёгунатства в контексте политической и экономической ситуации в Японии в средневековье.

**Ключевые слова:** Сегунат, бакуфу, военначальник, власть.

Сегун дегеніміз әскери лауазым. Бұл атаудың шығу тарихын ежелгі заманға жатқызуға болады. Ежелгі заманда жапондықтар (айну тайпасына) қарсы жорықтар жасап, оларды Жапонияның солтүстік-шығыс бөлігіне ығыстырып отырған. Мұндай жорықтар императордың (микадо) жарлығымен жасалып, император әскерінің қол басы «сэйи тайсегун» атағына ие болған. Бірақ, «сэйи тайсегун» атағы тек уақытша берілетін. Өйткені, жорық аяқталғаннан кейін әскер басы «сэйи тайсегун» лауазымынан айырылатын. Ал «сегун» сөзі «сэйи тайсегун» (征夷大暑軍) сөз тіркесінен қысқартылып алынған. «Сэйи тайсегун» «варварларды жаулаушы басты әскери қолбасшы» деген мағына береді. Бұл термин Жапонияға қытай тілінен енген. «Сэйи тайсегун» сөзінің қысқартылған түрі – «сегун»

сөзі екі бөліктен құрастырылған: «се» – «қолда ұстау», «пайдалану», «басқару»; «гун» – «12500-дік», «әскер» деген мағына береді. Яғни, «сегун» дегеніміз «әскер басы», «әскери адам», «әскери көсем» деген мағынада қолданылады [1, 91–93-б.].

Мемлекет басында сегун немесе әскери қолбасшы тұрған кез Жапония тарихында сегунат немесе бакуфу деп аталады. Жапония тарихында сегунат тарихы ауқымды уақытты алып жатыр (XII ғасырдың басы, XVII ғасырдың аяғы аралығында). Сегунат билігі – билік басындағы сегун, император билігіне бағынбай, көп ғасырлар бойы әскери диктатура құрған кез. Сегун – құдіретті рудан шыққан бай адам. Оның қолында өзінің жеке әскері болған. Алайда оған карамастан, сегун императордың ешбір мақыл-

дауынсыз заң шығарып, өз бетінше еркін болса да, осы атаққа міндетті түрде император жарлығымен ие болып отырған. Сондықтан да сегун болуды мақсат еткен адам алдымен император тағына өз адамын отырғызуға тырысқан. Мұндай жағдайлар Жапония тарихында жиі кездеседі. Кейін келе сегун атағы тұрақты лауазымға айналып қана қоймай, әкеден балаға беріліп отырды. Бірақ сегун бірінші билікке ие болып, бүкіл мемлекетті басқарса да, ешқашан император лауазымын мақсат еткен емес. Шын мәнінде сегундер үшін император атағы ешқандай қызығушылық тудырған жоқ, өйткені олардың қолында онсыз да толық билік болған, өйткені император сегунның қолында қуыршақ болып, ел басында мемлекеттік іске араласпай отырған. Осындай көрініске куә болған, XVI ғасырда еуропалықтар Жапонияда 2 император бар деген қате қорытынды жасап келген: біріншісі, діни емес-сегун; екіншісі, рухани-император (микадо). Жапонияда әрқашан тек император ғана тақ басында отырған. Бірақ, шын мәнінде елді сегун басқарған. Қолындағы үлкен әскердің көмегімен мемлекетті өзіне қаратып, толық билік орнатқан.

Сегундық басқару жапон тілінде «бакуфу» (幕府) терминімен белгіленеді. «Бакуфу» «жорық қонысынан басқару», «әскери басқару» деген мағына береді. Бұл термин тар мағыналы болғандықтан, сегун, билік құрған кез қазіргі заманда көптеген тілдерде өз баламасын тауып отыр. Сегунат-ерекшелігі көп, әскери басқарудың күрделі жүйесі болып табылады [2, 78–83-б.]. Бұл жүйеде сегунның алатын орны ерекше. Себебі, сегунның мемлекет басына келуі – Жапонияның саяси тарихындағы үлкен оқиға ол – біртұтас мемлекеттік жүйенің күрделі бейнесі. Сегундер жапон тарихында кездейсоқ келімсек емес, аяқтарынан нық тұрған үлкен әскери фамилиялар. Уақыт өте келе олар қуатты қауымдарға айналып, қолдарында әскери күш болғандықтан, тәуелсіздікке ие болған. Билік күштінің қолында деген принципке арқа сүйеп, императорды нақтылы биліктен айырса да, император формалды түрде тақ басында қала берді. Император – «күдай баласы, қасиетті адам» деген түсінік болғандықтан, оның тілін алмау күнә болып есептелінді. Ал сегун болса, императордың атынан билік жүргізіп, одан кейінгі екінші адам болып саналды. Сегун үшін императорға деген өз жақындығын көрсету қолайлы болды. Сегун

императордың уәзірі болғандықтан, оған бағынбаған немесе тілін алмаған жағдайда, ол императорды құрметтемеген болып есептелінген. Жапондықтардың сана-сезімінде императордың шығу тегі туралы діни аңыз орнығып, ешқашан күмән туғызбаған. Император киелі, әулие жан болғандықтан, оған деген бағынбаушылық қылмыс болып саналған. Тіпті, жоғарғы тап өкілдері императорға қарсы әрекеті үшін қуғын-сүргінге ұшырап, мүліктері конфискеленіп отырған. Сол себепті, император атынан мемлекет істерін жүргізу сегун үшін пайдалы болған.

Сегундер-әскери, феодалдық диктатура бейнесі. Өйткені, олар сегундық үкімет құрып, оның ішінде басқару органдарына көп көңіл бөлген. Осы басқару жүйесі «бакуфу» деп белгіленеді.

Жапониядағы сегунат тарихы – құдіретті феодалды үйлердің арасындағы көп ғасырлық бақталастықтың тарихы. Жапонияда сегунат тарихында үш үлкен тарихи кезең бар. Ол – үш ең құтты үйлердің үстемдік еткен кезі. Орыс академикі Н.И. Конрадтың пікіріне сүйенсек, сегунат дегеніміз мемлекеттік биліктің өзгеше формасы. Өз еңбегінде Н.И. Конрад үш күшті, феодалды үйлердің билік еткен дәуірлерін «әскери империялар» деп атаған [6, 191–193-б.].

Жапон мемлекетінің тарихында үш ірі сегунат орын алады. Олар: Камакура, Муромати, Эдо сегунаттары.

1192 жылы Минамото әулетінен шыққан Еритомо Камакура қаласында сегунат құрайды. Сондықтан Минамото билік еткен кезең Камакура сегунаты деп аталады. Жапонияның ең алғашқы сегуны болып Минамото Еритомо есептелінеді.

Билік басына келмес бұрын Минамото әулеті көп жылдар бойы Тайра үйімен ұзақ әрі күрделі соғыс жүргізген. 1185 жылы Данноура (Симонсеки) қасындағы үлкен ұрыста Минамото үйі жеңіске жетіп, билік басына келеді. 1192 жылы Минамото династиясының басшысы 44 жастағы Еритомо сегун атағына ие болып, императорды нақтылы билігінен айырудың нәтижесінде бүкіл мемлекеттің әскери басқарушысы ретінде тұрақтанады. Еритомо «әйгілі қолбасшы» қатарынан шығып, сегун лауазымын тұрақты етіп қана қоймай, сонымен қатар сегун терминіне «мемлекеттің жоғарғы басшысы» деген жаңа мағына береді. Еритомо сегуннен бастап, Жапония тарихында 39 сегун болған.

Еритомо өзінің резиденциясы және әскери қонысы ретінде Жапонияның шығысында орналасқан Камакура қаласын таңдап алады. Астана атымен аталған Камакура дәуірі жапон қоғамында 1192-1333/1185-1333 жылдар аралығындағы бір жарым ғасырға жалғасты.

Сегунат тарихындағы екінші дәуір Муромати сегунаты деп аталды. Асикага дәуірі екі жүз жылдан астам уақытқа созылды. Сегунат негізін салушы – Такаудзи мемлекет астанасын Киото қаласының қасында орналасқан Муромати деген қалада бой көтергендіктен, бұл дәуір Муромати немесе үстемдік еткен әулеттің құрметіне Асикага сегунаты деп аталады (1336-1573) [3, 65–68-б.].

Үшінші әскери империя екі жарым ғасырға созылған Эдо дәуіріндегі Токугава сегунаты (1603-1868) Муромати дәуірі он алты сегун ұсынса, Эдо дәуірінен он бес сегун шықты. Токугава сегунатының негізін салушы Токугава әулетінен шыққан Иэясу болды. Иэясу астанасы Эдо қаласына көмір кендіктен, Токугава династиясы билік еткен кезең Эдо дәуірі немесе Токугава сегунаты деп аталады. Токугава дәуірі 1868 жылы болған Мейдзи буржуазиялық революциясына дейін созылды. Мейдзи революциясы Токугава әулетінің соңғы сегуны-Есинобуды билік басынан құлатып, Жапония тарихында капиталистік даму жолына есік ашады.

Асикага дәуірі мен Токугава сегунаты арасында отыз жылдық кезең – Момояма дәуірі орын алады. Момояма дәуірі Асикага сегунаты мен Токугава арасындағы аралық дәуір болып есептелінеді. Момояма кезеңі Жапонияға Ода Нобунага, Тоетоми Хидэеси, Токугава Иэясу сияқты әйгілі қолбасшыларды сыйлайды. Феодалдар (дайме) арасындағы билік үшін соғысқа тойтарыс беріп, Жапонияны біріктіріп, бір орталықтанған мемлекет құрған Ода Нобунага мен Хидэесидің жапон тарихында алатын орны ерекше. Момояма дәуірінде Жапонияның саяси, қоғамдық, әлеуметтік өмірінде көптеген өзгерістер болды. Сондықтан бұл кезеңді ерекше атап өту қажет. Момояма кезеңі Тоетоми Хидэесидің атымен тығыз байланысты болғандықтан, оның қызметі, өмірі мен жігерлігін сыртта қалдырып кетуге болмайды [4, 56–57-б.].

Сонымен, Минамото әулетінен шыққан Еритомо 1192 жылы Камакура қаласында Жапон та-

рихындағы алғашқы сегунатты құрып, императорды үйінің билігі – «кугэ сэйкэн» деп аталса, әскери сословиенің билігі – «букэ сэйкэн» деп аталды. Жапон тарихындағы алғашқы сегунаттың ерекшелігі екі билік жүйелерінің бірге өмір сүріп, бір-бірін жеңіп кете алмауы болып табылады.

Сөзімізді қорытындылай келсек, қазіргі кезде шығыстағы Жапония елі, тамыры терең, көп ғасырлық тарихы мен дәстүрі бар – ұлы мемлекет, держава атанып отыр және дүниежүзіндегі экономикасы жағынан ерекше орында тұр. 1192 жылы басталған сегунат кезеңі Жапонияның кейінгі дамуына тигізген әсері мол болды. Егер сегундер билік еткен жылдары өздерінің реформаларын, қайта құрулары мен өзгерістерін енгізбеген жағдайда Жапонияның қазіргі жағдайы қандай болмақ еді? Бұл сұраққа жауапты өткен тарихтан іздеуімізге болады. Қарапайым әскери қолбасшы Синто ілімі бойынша киелі болып саналған императорды номиналды биліктен айырып, мемлекеттік билікті өз қолына шоғырландыруы шынымен кез келген елге таңсық, ғажайып нәрсе. Сегундік биліктің дамуымен сегундердің жаңа әскери тап – жауынгерлердің (Буси) саяси аренаға шығуы да, сегундердің даймеларды бір тізгінге ұстау саясаты да, императордың мемлекет істеріне араласпауы да, сегундердің сән-салтанатқа қатты көңіл бөлуі де қазіргі Жапония үшін үлкен тарихи маңызға ие болып отыр. Сегунат үкіметінің жүргізген оқшалану саясаты кезінде мемлекет ішінде көптеген қайта құрулар орын тауып, Жапония көп жылдар бойы соғыссыз бейбіт өмір кешкен. Дәл осы кезеңде қазіргі Жапонияның мемлекеттік басқару жүйесі өз негізін қалаған. Сол себепті, Жапон мемлекетінің даму феноменінің ерекшеліктерін түсіну үшін ортағасырлық тарихи кездің тарихқа қосқан үлесін қарастыру керек. Сегунат тарихы және сегундік биліктің Жапонияның саяси өмірінде алатын орны қазіргі таңда да өз маңыздылығын жойған жоқ. Біз үшін сегунат тарихы өз бетінше қызық. Жапонияның тарихын оқып, зерттеу үшін сегунат тарихы өте маңызды. Себебі, сегундік билік кезеңі Жапон тарихында ең ұзақ уақытты алып жатқандықтан, сегунат-мемлекет тарихында басты орынды алып отыр. Сондықтан, бакуфу кезеңінің саяси және тарихи маңыздылығы әлі күнге өз өзектілігін жойған жоқ.

**Әдебиеттер**

1. Рай Дзе «нихон гайси» (сочинение Рай Дзе в 20-и книгах). – Владивосток, 1910. – С. 91-93.
2. Мендрин В.М. История сегуната в Японии. – М., СПб., 1999. – С. 78-83.
3. Оскар Ратти, Адель Вестбург. Секреты самураев. – Ростов-на-Дону, 2000.
4. Все о Японии / под ред. Г.И. Царева. – М., 2001. – С. 65-68.
5. Искандеров А.А. Тоетоми Хидэоси. – М., 1984.
6. Конрад Н.И. Очерки японской литературы. – М., 1979. – С. 191-193.
7. Гальперин А.П. Некоторые вопросы объединения и изоляции в Японии при первых Токугава. – М., 1960.

**References**

1. Rai dze «Nihon Gaisi» (soshinenie Rai Dze v 20-I knigah). – Vladivostok, 1910. – P. 91-93.
2. Mendrin V.M. Istoria segunata v Yaponii. – M., SPb., 1999. – P. 78-83.
3. Oskar Ratti, Adel Bestburg. «Sekreti samuraev». – Rostov-na-Donu, 2000.
4. Vse o Yaponii / pod redaksii G.I. Sarewa. – M., 2001. P. 65-68.
5. Iskanderova A.A. Toyotomi Hideyosi. – M., 1984.
6. Konrad N.I. Osherki Yaponskoi Literaturi. – M., 1979. – P. 191-193.
7. Galperin A.P. Nekotarie voprosi obyadnenie I izolyatsii v Yaponii pri perv3h Tokugava. – M., 1960.